

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



**«ҚОНАҚ ҮЙ-МЕЙРАМХАНА БИЗНЕСІНІҢ ҚАЗІРГІ ДАМУ  
ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ»**

халықаралық онлайн-конференциясының

**ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

12 наурыз 2020 ж.

**СБОРНИК ТРУДОВ**

международной онлайн-конференции

**«СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ ГОСТИНИЧНО-  
РЕСТОРАННОГО БИЗНЕСА»**

12 марта 2020 г.

**PROCEEDINGS**

of the international online-conference

**«MODERN TRENDS OF HOTEL AND RESTAURANT BUSINESS  
DEVELOPMENT»**

12 March 2020

Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Нур-Султан, Казахстан  
Nur-Sultan, Kazakhstan

УДК 005(063)  
ББК 65.050.2  
Қ 64

**Редакционная коллегия:**

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,  
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.  
к.э.н., доцент кафедры «Туризм» Муталиева Л.М.

Ответственная за НИР кафедры «Туризм» к.э.н., доцент Мусина К.П.

Старший преподаватель кафедры «Туризм», Магистр международного бизнеса в гостиничном, курортном и спа управлении Асемжар Н.Д.

**Қ 64 Қонақ үй-мейрамхана бизнесінің қазіргі даму тенденциялары:** халықаралық онлайн-конф.еңбектер жинағы. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2020.

**Современные тенденции развития гостинично-ресторанного бизнеса** Сб. материалов межд. онлайн-конф. – Нур-Султан: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2020.

Proceedings of the international online-conference «**Modern trends of hotel and restaurant business developmen**» Nur-Sultan, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2020.

**ISBN 978-601-337-310-2**

Халықаралық онлайн конференцияның еңбек жинағында Қазақстан Республикасында және шетелде қонақ үй және мейрамхана бизнесінің дамуының өзекті тенденциялары қарастырылған.

В сборнике материалов международной онлайн конференции рассмотрены актуальные тенденции развития гостиничного и ресторанного бизнеса в Республике Казахстан и зарубежом.

The proceedings of the international online conference discuss current trends in the development of hotel and restaurant business in the Republic of Kazakhstan and abroad.

УДК 005(063)  
ББК 65.050.2  
Қ 64

**ISBN 978-601-337-310-2**

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2020

© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2020

© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2020

4. Назаренко Ю.А., Бархатова Т.П. Гостиничный бизнес в Казахстане/Вестник ПГУ. – 2006, № 4. – С. 51.
5. Ерофеев В.И. Гостиница и ресторан: бизнес и управление. – А., 2004, №7. – С. 6.
6. [http://kagir.kz/11022013\\_rixos\\_markus.html](http://kagir.kz/11022013_rixos_markus.html).
7. [http://online.zakon.kz/m/Document/?doc\\_id=30168078](http://online.zakon.kz/m/Document/?doc_id=30168078).
8. Горский Д.М. Отель: О гостиницах. – М., 2003. – №4. – С. 10
9. Сенин В.С., Денисенко А.В. Гостиничный бизнес: классификация гостиниц и других средств размещения. – М.: 2000. – 144 с.
10. Шматько Л.П. Туризм и гостиничное хозяйство. – М.: Март, 2005. – 346 с.
11. Котлер Ф., Боуэн Дж., Мейкинз Дж. Маркетинг: гостеприимство, туризм. – М.: ЮНИТИ, 1998. – 350 с.

## **ЖІБЕК ЖОЛЫ ДЕСТИНАЦИЯСЫНЫҢ ОБЪЕКТІЛЕРІ ТУРИЗМ ДАМУЫНЫҢ ДРАЙВЕРІ РЕТІНДЕ**

*Тұрғамбекова Ж. Е., Ағыбетова Р. Е.*

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан  
Республикасы  
E-mail: [jan\\_tk@mail.ru](mailto:jan_tk@mail.ru)

XXI ғасырда туризм саласы бизнестің әлемдегі ең табысты түрлерінің бірі болып табылады. Бүкіл әлемдік капиталдың 7 %-ға жуығын пайдалана отырып, туризм мұнай және мұнай өнімдерін, автокөліктерді экспорттаудан кейін үшінші орынды иеленді.

Қазақстан «жаңадан дамып келе жатқан туристік дестинация» болып табылады. Қазақстандағы туризм инфрақұрылымы шектеулі, туристік өнімдер мен көрсетілетін қызметтер жеткіліксіз. Шет елдерінің тәжірибесі көрсеткендей, дамудың осындай кезеңінде объектілердің ашықтықты (визалық режимді жеңілдету), қолжетімділікті (әуе көлігімен және жерүсті көлікпен қамтамасыз ету), инфрақұрылымды және халықаралық стандарттар бойынша орналастыру орындарын қамтамасыз етуге бағытталған бірінші кезектегі шаралардың тиімділігін көрсетеді [1].

Туристік объектілердің жай-күйін диагностикалау көрсеткендей, Қазақстан Республикасында қазіргі уақытта «туристік магниттер» және «туристік өсу нүктелері» деп аталатын 100-ден астам белгілі туристік объектілер бар. Объектінің туристік магнит ретіндегі бірегейлігі мен туристік ағынның әлеуетті өсуі іріктеу критерийлері ретінде пайдаланылды. Сондай-ақ объектілердің тарихи-мәдени маңызы да ескерілді. Мысалы – ЮНЕСКО немесе Ұлы Жібек жолы объектілерінің тізбесіне енген ескерткіштер, сондай-ақ «Рухани жаңғыру» бағдарламасының Киелі объектілері.

Қазақстан – тарихи және мәдени мұрасы бай ел. Еуразия орталығында орналасқан Қазақстан әлемнің ежелгі өркениеттері тоғысқан торапта, Батыс пен Шығыс, Оңтүстік пен Солтүстік арасындағы көліктік, әлеуметтік және экономикалық, мәдени және идеологиялық қиылыста тұр. Ерте заманда Қазақстан даласы арқылы Ұлы Жібек жолы өтті. Тарихтың әртүрлі кезеңдерінде қазіргі Қазақстан аумағында өзіндік мәдени тарихы бар мемлекеттер пайда болып дамыған. Табиғи көрнекі жерлерден басқа, Қазақстан әлемдік маңызы бар Ұлы Жібек жолында орналасқан тарихи-мәдени ескерткіштерге бай. Ұлы Жібек жолында транзиттік турларды ұйымдастыру әсіресе өзекті, өйткені ол Қазақстанға Жапония, Малайзия, Қытай, Корея сияқты елдердің, сондай-ақ Еуропа мемлекеттерінің қызығушылығын тудыратын аймаққа кіруге мүмкіндік береді. Ұлы Жібек жолы – Қазақстандағы туризмді дамытудың басым бағыттарының бірі. Қазақстан үшін «Жібек жолы» жобасы елдің транзиттік әлеуетін іске асыру, сондай-ақ республиканың оңтүстік және батыс өңірлерінің сенімді көліктік байланысын құру тұрғысынан өте тартымды. Бұл жоба қазіргі әлемдегі Қазақстан

үшін ең қызықты және әлеуетті жоба болып табылады. «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» - Қытайдан Еуропаға жүк тасымалдау үшін ең жылдам жол. Бұл қашықтықты авто дәліз арқылы өтуге 10 күн, темір жолмен 15 күн және теңіз көлігінің көмегімен 45 күн кетеді. «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» халықаралық транзиттік дәлізінің қазақстандық бөлігінің ұзындығы 2 787 км құрайды, оның 2 452-і қайта жаңартылуға жатады [2].

Осы ретте, Қазақстанның туризм картасында маңызды орынды иеленетін Алматы облысы туризмінің даму әлеуеті жоғары. Оған дәлел ретінде, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 990 қаулысымен бекітілген «Өңірлерді дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына» сәйкес Алматы облысы жалпы өңірлік дамуында басты бағыттарды айқындады. Өңірдің мамандануы - индустриялық-аграрлық. Экономиканың негізін перспективада ауыл шаруашылығы, азық-түлік өнімдерінің және құрылыс материалдарының өндірісі, машина жасау, сондай-ақ туризм саласы құрайтын болады [2]. Бағдарламада көрсетілгендей туризм саласы Алматы облысы дамуының басым бағыты ретінде бекітілген және алдағы уақытта облыс экономикасы көрсеткіштерінен көрініс табары анық. Ал Алматы облысы туризмі дамуының басым бағыттары ретінде мыңдаған жылдық тарихы бар Жібек жолының ХХІ-ші ғасырда қайта жандануынан туындаған «Жаңа Жібек жолы» дестинациясын қарастырамыз.

2015 жылы Forbes Жібек жолын «әлемдегі ең мықты брендтердің бірі, тіпті Дисней немесе Кока-Коладан да үлкен» деп сипаттады. Саяхаттау бағыттарының маркетингіне келетін болсақ, Жібек жолы үлкен және қуатты негізге ие деп толық сеніммен айтуға болады. ЮНВТО-ның зерттеуі көрсеткендей, қазіргі уақытта Жібек жолы әлемдегі ең жиі талқыланатын онлайн туристік бағыттардың бірі болып табылады [3]. Қазақстан үшін Жібек жолымен байланысты туризм саласының дамуындағы трендтер 1-ші суретте көрсетілген.

Сурет 1. Ұлы Жібек Жолы бойынша трендтер



Дерек көзі: [3].

1-ші суретке сәйкес, Ұлы Жібек Жолы бойынша трендтер көрсетілген және бес басым бағыты анықталған. Олар: Жібек жолы халықаралық дәрежеде мойындалған «тігіссіз» туристік маршрут, туризм индустриясы тұрақты инвестицияларды тарта отырып, Жібек жолының барлық туристік бағыттарында көрініс табатын болады. Сонымен қатар, Жібек жолы туристік секторының қатысушылары өзара пайда алу үшін бірге жұмыс істейтін болады, туризм мәдени мұра мен қоршаған ортаны сақтау мен жақсартуда жетекші рөл атқарады, Жібек жолында туризм бейбітшілік пен мәдени түсіністіктің қозғаушы факторы болмақ. Ал аталған басымдылықтардың нәтижесі ретінде 1-ші кестенің оң жағына орналасқан іс-шаралар жоспарын басшылыққа аламыз.

Өзінің бай мәдени мұрасы мен өзара байланысты туристік нысандарының арқасында Жібек жолы трансшекаралық бастамалар мен аймақтық инвестициялық мүмкіндіктерді жүзеге асыру үшін өте қолайлы. Алайда, қазіргі уақытта оның өсуіне және дамуына кедергі келтіретін бірнеше проблемалар бар. Жібек жолы елдерінде өнімдер, қызметтер, қонақүйлерде орналастыру деңгейі және шет тілдерін білу деңгейі айтарлықтай өзгереді. Туристік ақпараттық қызметтер сирек кездеседі, кейбір жерлерде түсіндіру ақпараты мүлдем болмауы мүмкін. Мұра объектілерін тиімсіз басқару материалдық және материалдық емес мұраларға қауіп төндіреді.

Ұлттық бірегейлікті күшейтетін және туризм саласынан барынша пайда алуға мүмкіндік беретін әлеуетті арттыру үшін дестинациаларды тиімді басқаруды жүзеге асырады. Тиімді менеджмент стратегияларын қолдана отырып, бағыттар экономикалық өсуге, жергілікті өнер мен мәдениетті сақтауға, бизнесті әртараптандыруға және саяхат маусымының қысқаруына ықпал етеді. Бұл мәселеде кәсіптік оқыту және біліктілікті арттыру маңызды рөл атқарады. Оқыту қызметтерді, өнім сапасын жақсартуға, өнімділік пен пайдалылықты арттыруға көмектеседі.

#### **Әбедиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 мамырдағы № 360 қаулысы.

2. Өңірлерді дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 990 қаулысы

3. 2019-2021 жылдарға арналған Алматы облысының туристік саласын дамытудың мастер жоспары. Талдықорған қ., 2019 ж.

## **ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ РАЗРАБОТКИ МЕХАНИЗМОВ ВНЕДРЕНИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКИ ОТВЕТСТВЕННЫХ ГОСТИНИЦ НА ПРИМЕРЕ США**

*Дуйсембаев А.А., Усенова Д.М.*

к.э.н., доцент кафедры «Туризм», докторант 1 курса кафедры «Туризм»  
Евразийский национальный университет Л.Н.Гумилева, г. Нур-Султан, Республика  
Казахстан

E-mail: [azeke-78@mail.ru](mailto:azeke-78@mail.ru), [magdina9@mail.ru](mailto:magdina9@mail.ru)

Рост экономических возможностей развития отелей, их стабильное устойчивое развитие во многом положительно влияет на экологическую безопасность, которая на сегодняшний день является одной из приоритетных направлений развития общества, отрасли и экономики в целом. В современных исследованиях тенденций развития мировой гостиничной индустрии особое внимание уделяется «зеленым», экологичным инновациям в гостиничном бизнесе. Отели по всему миру внедряют практику, направленную на снижение